



№52
(8100)

аудандык қоғамдық-саяси газет

30 желтоқсан
Сейсенбі,
2025 жыл
uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ҮЛЕС ҚОСҚАН ҮЗДІКТЕР

АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «ЖЫЛ ҮЗДІГІ-2025» САЛАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ МЕН ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ. ІС-ШАРАНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ЖЫЛ БОЙЫ АУДАНЫНЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЕЛЕУЛІ ҮЛЕС ҚОСҚАН АЗАМАТТАРДЫ ҰЛЫҚТАУ, ЕҢБЕК АДАМДАРЫН ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕСІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ БОЛДЫ.



Салтанатты кешке аудан басшылығы, мекеме басшылары, сала мамандары, марапат иелері мен аудан тұрғындары қатысты. Іс-шара Ойыл ауданының 2025 жылы жеткен өлеуметтік-экономикалық жетістіктерін қамтыған бейнебаян көрсетілді. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев жи-

налған қауымды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқталды. Салтанатты жиында «Ойыл ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілері мен «Жыл адамы-2025» атағы берілді. Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет, білім, денсаулық сақтау,

мәдениет, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, құқық қорғау, энергетика, өлеуметтік сала және өзге де бағыттар бойынша сала үздіктері марапатталды. «Ойыл ауданының жыл адамы-2025» атағы спорт саласында ел намысын қорғап, халықаралық деңгейде жоғары

нәтиже көрсеткен азаматтарға табысталды. Сонымен қатар аудан дамуына үлес қосқан еңбек ардагерлері мен түрлі сала мамандарына құрмет көрсетілді. Марапаттау рәсімдері аралығында аудан өнерпаздарының орындауындағы патриоттық және мерекелік әндер, ұлттық билер көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Кеш барысында аудандық мәслихат төрағасы мен аудан әкімінің орынбасарлары тарапынан да сала үздіктері марапатталды. Салтанатты жиын соңында 2025 жылдың табысты қорытындыланып, алдағы 2026 жылға жаңа жоспарлар мен игі бастамаларға сенім білдірілді. Барша еңбек адамдарына алғыс айтылып, жаңа жылда табыс пен береке, бірлік пен тұрақтылық тілектері жолданды. Осылайша «Жыл үздігі-2025» салтанатты кеші еңбек адамын ұлықтаған, жетістік пен бірлікті дәріптеген мазмұнды шара ретінде жоғары деңгейде өтті.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН JAҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Қадір жерлестер!
Қымбатты ойылдықтар!

Сіздерді Жаңа 2026 жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл еліміз үшін мол табыстар мен жетістіктерге толы жағымды жыл болғай! Әрбір шаңыраққа бейбіт өмір, тыныштық пен мол жақсылықтар ала келсін! Жаңа жыл – қай халықтың да аса зор қуанышпен асыға күтетін мерейлі мерекесі. Өткен жылдың қорытындысын жасап, атқарылған істі саралайтын кезең. Өткен жылға өкпе жоқ, 2025 жыл ауданымыз үшін табысты, берекелі де нәсібелі, ырысы мол жыл болды. Елдің ырыс-берекесі мен азаматтардың еселі еңбектерінің арқасында ауылшаруашылығы саласын дамытуда қол жеткізген табыстар көп. Барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша жағымды оң динамикаға қол жеткіздік. Ауданымызда іргелі ғимараттар бой түзеді. Бір сөзбен айтқанда, 2025 жыл біздің ауданымыз үшін ауыз толтырып айтарлықтай табысты, жемісті, мерейлі жыл болды. Айта берсек, жасалынып жатқан жұмыстар өте көп. Бұның барлығы алдымен елдің нәсібіне, халықтың ниетінің, пейілінің кеңдігінің жемісі. Азаматтардың қызметінің, қазыналы қарияларымыздың ақ батасының арқасында керемет нәтижеге қол жеткіздік. Өрине, келер жылға да жүйелі жоспарлар құрып отырмыз, оларды да ел игілігі жолында іске асыруға дайынбыз. Бұйырса, ел болып бірігіп, жұрт болып жұмылып жұмыс жасаймыз деген ойдамын. Баршаңызды келе жатқан жаңа жылмен шын жүректен құттықтай отырып, Жаңа жыл әр отбасына жылулық әкелетін жасампаз мереке болсын! Жаңа жыл ынтымағы мен бірлігі жарасқан аудан халқы үшін сәтті жыл болып, әр шаңырақта береке – бірлік, шаттық пен қуаныш орнасын! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Игі тілекпен, Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

МАРАПАТТАҚАН ИЕ БОЛҒАН ҮЗДІКТЕР

«ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ЖЫЛ АДАМЫ»
1. Самбо күресінен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, «Ақ бидай» республикалық VIII ауыл спорт ойындарының қазақ күресінен жеңімпазы, қазақ күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері, самбо шебері, самбо күресінен қазақстан Республикасының спорт шебері БЕКЗАТ МҰХАНБЕТОВ - Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің дзюдо күресінің жаттықтырушысы.
2. 2025 жылы Өзбекстан мемлекеті Ханабад қаласында гір спортынан әлем чемпионатында күміс медаль, Қырғызстан Республикасының астанасы Бішкекте Азия чемпионатында күміс медальға ие болған, Гір спортынан спорт шеберлігіне үміткер РАМУЛ САРПАРҒАЛИ - Ақтөбе өндірістік кәсіби колледжінің студенті.
3. 2025 жылы Өзбекстан мемлекеті Ханабад қаласында гір спортынан әлем чемпионатында күміс медаль, Қырғызстан Республикасының астанасы Бішкекте Азия чемпионатында күміс медальға ие болған, Гір спортынан спорт шеберлігіне үміткер ЖАНДАР-БЕК ЖАҚСЫҒАЛИЕВ - Ақтөбе өндірістік кәсіби колледжінің студенті.
«Ойыл ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі
1. Ойыл ауданының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін САН-БЫЗБАЙ ЖҰМАБАЕВ - Қараой ауылдық округі «Жиенбек» шаруа қожалығының төрағасы.

2. Ойыл ауданының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін КҮЛП-ЖАМАЛ ӨЛІП - «Ойыл-нан» наубайханасының меңгерушісі.
3. Ойыл ауданының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін АСҚАР ӘЖІҒАЛИЕВ – зейнеткер.
Ауданның мемлекеттік қызметке қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен Ойыл ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы ТАТЬЯНА КАРАЕВА.
Халыққа қызмет көрсетудегі елеулі еңбегі үшін - «ҮЗДІК АУЫЛ ӘКІМІ» - ЕРЛАН АСЫЛБАЕВ - Көптоғай ауылдық округінің әкімі. Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін «ҮЗДІК МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ» - ЖАНҒЫЛ АТАҒАЛИЕВА - Ойыл аудандық ауруханасының мейірбикесі. Білім саласына қосқан елеулі еңбегі үшін «ҮЗДІК МҰҒАЛІМ» - РИТА ЖАКЕНОВА - Ш.Берсиев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі. Мәдениет саласына қосқан абыройлы еңбегі үшін «ҮЗДІК МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРІ» - ГҮЛНАРА БИСКЕНОВА - «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының меңгерушісі.
1. Халыққа қызмет етудегі мінсіз қызметі үшін «ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ» - САМАЛ МАХАНОВА - «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.

2. Халыққа қызмет көрсетудегі мінсіз қызметі үшін «ҮЗДІК ДЕПУТАТ» - САИРАН САМАТҰЛЫ - Ойыл аудандық мәслихатының депутаты.
3. Өз қызметін үлгілі орындағы үшін «ҮЗДІК ЗАҢҒЕР» - НҰРЛАН ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ - Ойыл ауданы прокуратурасының аға прокуроры.
4. Қаржы және экономика саласындағы ұзақ жылғы абыройлы қызметі үшін «ҮЗДІК ҚАРЖЫҒЕР» - ЖАНАТ ИСМАГУЛОВА - Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы.
5. Ауылшаруашылық саласына қосқан қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК ШАРУА ҚОЖАЛЫҚ БАСШЫСЫ» - НҰРЛАН ШАХАНОВ - «Темірлан» шаруа қожалығының басшысы.
6. Өзінің қызметтік міндеттерін жоғары деңгейде атқарғаны үшін «ҮЗДІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ » - АСЛАНБЕК ЕСЕНҒАЛИЕВ - Ойыл аудандық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің ұшаскелік полиция инспекторлары тобының ұшаскелік полиция инспекторы.
7. Халыққа қызмет көрсетудегі мінсіз қызметі үшін «ҮЗДІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ» - АЛТЫНГҮЛ ШАБИКОВА - «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Ойыл аудандық бөлімінің өлеуметтік сала бойынша жетекші маманы.
8. Ауданның пошта, байланыс торабына қосқан елеулі үлесі үшін «ҮЗДІК ПОШТАШЫ» - НАУРЫЗ-ГҮЛ ӘБУҒАЛИЕВА - Ойыл аудан-

дык пошта, байланыс торабы мекемесінің пошташысы.
9. Өз саласындағы абыройлы, қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРІ» ТАЙБЕК ҚОНАЕВ - «Көкжар» мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорнының трактор жүргізушісі.
10. Өзінің қызметтік міндеттерін жоғары деңгейде атқарғаны үшін «ҮЗДІК ШАРУАШЫЛЫҚ МЕНГЕРУШІСІ» МАРАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ - Ойыл аудандық мәдениет үйінің шаруашылық меңгерушісі.
1. Білім саласына қосқан елеулі еңбегі үшін «ҮЗДІК ӘДІСКЕР» - ГҮЛЖАНАТ СУҒРАЛИНА - Ойыл ауданы білім бөлімінің әдістемелік кабинет әдіскері.
2. Ауданның кітапхана саласындағы ұзақ жылғы абыройлы қызметі үшін «ҮЗДІК КІТАПХАНАШЫ» АЙНАШ ЖАКИНА - Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің әдіскері.
3. Білім саласына қосқан елеулі еңбегі үшін «ҮЗДІК ТӨРБИЕШІ» - АРДАҚ ЕРИШОВА - «Асанәлі» бөбей-бай-бақшасының тәрбиешісі.
4. Білім саласына қосқан елеулі еңбегі үшін «ҮЗДІК ЖАС МАМАН» - СЕРІКБОЛ ҚАНАТОВ - Қараой мектеп-балабақшасының химия пәнінің мұғалімі.
5. Білім саласына қосқан елеулі еңбегі үшін «ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ» - НҰРДӨУЛЕТ ОРАЛОВ - Ойыл мектеп-балабақшасының пән оқытушысы.
6. Денсаулық сақтау саласына қосқан абыройлы еңбегі үшін «ҮЗДІК ФЕЛЬДШЕР» - КҮЛӨШ СӨРСЕН - Амангелді медицина-

лық пунктінің фельдшері.
7. «ҮЗДІК ҚОРҒАНЫС ҚЫЗМЕТКЕРІ» - ЛАЗЗАТ ДЕМЕСИНОВА – Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі басшысының көмекшісі.
8. Энергетика саласындағы ұзақ жылғы қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИК» - ӘНУАР ӘЖІБАЕВ - Ойыл электр жүйесі учаскесінің мастері.
9. Халыққа қызмет көрсетудегі мінсіз қызметі үшін «ҮЗДІК ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚЫЗМЕТКЕРІ» - ДӨУРЕН ӨЛҒАСЫРОВ - Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау майоры.
10. Ауданның байланыс саласына қосқан қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ» ЕРКЕБҰЛАН ДОСМАЙЛОВ - Ойыл желілік-техникалық қызмет көрсету бойынша екінші санаттағы инженері.
Ауылшаруашылық саласына қосқан қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК КӨСІПКЕР» - ӨСЕМГҮЛ ШАКЕНОВА - жеке кәсіпкер.
2. Ауылшаруашылық саласына қосқан қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК КӨСІПКЕР» - САПУРА МЫРЗАҒАЛИЕВА - жеке кәсіпкер.
3. Ауданның медицина саласына қосқан зор үлесі үшін «ҮЗДІК ЭПИДЕМИОЛОГ» - АСЫЛЗАТ ӨТЕПБЕРГЕНОВА - Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің бөлімше бастығы, дәрігер-бактериолог.
4. Ауылшаруалық саласына қосқан қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК АГРОНОМ-ФИТОПАТО-

ЛОГ» - АЙБАТ ҚАРАСАЕВ - Республикалық фитосанитарлық-диагностика және болжамдар және әдістемелік орталығы Ойыл аудандық бөлімшесінің агроном-фитопатологы.
5. Өз қызметін үлгілі орындағы үшін «ҮЗДІК ОРМАНШЫ» - ГАУНАР ДЕМЕУОВА - Ойыл орман және жаунарлар дүниесін қорғау қожалығының орман шебері.
6. Ауылшаруашылық саласына қосқан қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК МЕХАНИЗАТОР» СӨБИТ ЗЕЙНЕЛОВ - «Мұрагер» шаруа қожалығының механизаторы.
7. Ауылшаруашылық саласына қосқан қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК ЖАС МЕХАНИЗАТОР» - ВЕНЕРА СИСЕНБАЕВА - «Ғайша» жеке кәсіпкерлігінің механизаторы.
8. Ауылшаруашылық саласына қосқан қажырлы еңбегі үшін «ҮЗДІК ЖҰМЫСШЫ» - ҚАЛҚАМАН БИСЕНҒАЛИЕВ - «Спарта» шаруа қожалығының басшысы.
9. Ауданның құрылыс саласына қосқан елеулі үлесі үшін «ҮЗДІК ҚҰРЫЛЫСШЫ» - ЖАИНА НҰРҒАЛИЕВА – құрылысшы.
10. Өз саласының білікті маманы, жұмысқа деген жауапкершілігі үшін «ҮЗДІК МАЛ ДӨРІГЕРІ» - ҚАЗИ ТАЙБҰРИН - Көптоғай ауылдық округі Шұбарши ауылының мал дәрігері.
11. Өз саласының білікті маманы, жұмысқа деген жауапкершілігі үшін «ҮЗДІК ГАЗ СЛЕСАРЫ» - ТӨРӨЛІ ДӨУЛЕТОВ - Ойыл газ шаруашылығы мекемесінің газ слесары.

ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НЕГЕ ДАЙЫН БОЛУ КЕРЕК?

Үкімет экономикалық реформалар бағдарламасын іске асыру үшін нақты шараларды бекіткені белгілі. Оның қатарында шағын және орта бизнесті қолдау, инвестициялық ахуалды жақсарту, елдегі экономикалық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған түзетулер бар. Жаңа жылда бұл бастамалар қандай нәтиже береді?

Жаңа экономикалық бағыт: өсім, инфляция, табыс



Қолдау шараларының негізгі бағыттарына тоқталсақ, алдымен АИ-92 маркалы бензин мен дизель отынының, сондай-ақ коммуналдық тарифтердің қымбаттауына мораторий енгізілді. Жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық режимін қолдануға шектеулер алынып тасталды. Осылайша, тыйым салынған қосымша түрлерінің саны 44 бағытқа қысқарды. 1 қаңтардан бастап ұсақ және шағын бизнеске қатысты салықтық тексерістер, камералдық бақылаулар және сот талаптары тоқтатылады. Азаматтардың автокөлікті лизингке алу механизмі енгізілетіні хабарланды. Сонымен қатар ипотеканы қолдау мақсатында «Наурыз» және «Наурыз-Жұмыскер» тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне бөлінетін қаржы 500 млрд теңгеге дейін ұлғайтылмақ.

Экономист Айбар Олжаев шұғыл шаралардың себебін былай түсіндірді.

— Қазір Үкімет бюджеттен қаржы бөліп, құрылыс жүргізу, көпір салу арқылы экономика белсенділігін арттыру жолымен өсімге қол жеткізіп отыр. Бірақ бұл қысқамерзімді әсер беріп, инфляцияны көтереді. Бензин мен жанармайдың бағасын еркін нарыққа жіберу, тарифтерді көтеру, қосылған құн салығын енгізу — барлығы инфляцияны тудыратын факторлар. Осы себептен Үкіметтің бұл шаралары экономиканы түзетуге бағытталған, — деді Олжаев.

Қаржы сарапшысының айтуынша, Үкімет пен Сенаттың соңғы талқылауларынан кейін алдағы үш жылға арналған экономикалық курс біртіндеп айқындала бастады. 2026-2028 жылдарға арналған макроэкономикалық тұрақтандыру мен халықтың әл-ауқатын арттыру бағдарламасы, республикалық бюджет пен жалпы трансферттер туралы заң жобалары — осы жаңа бағыттың өзегі.

Билік тармақтарының ұзақ талқысынан өткен құжат ел экономикасын «қатаң бюджет — таргеттелген инфляция» — өсіп келе жатқан табыс — күшейген аймақтар» формуласы бойынша дамытуға бағытталған. Үкіметтің басты уәдесі — жыл сайын 5% экономикалық өсім мен халық табысының өсуі.

Салық ережесіндегі өзгерістер бизнеске не береді?

Президенттің пәрменінен кейін Үкімет салық-бюджет реформасын да қайта қарап, бизнес секторын қолдау мақсатында жаңа шешімдер қабылдады. Ең басты жаңалық — шағын және орта кәсіпкерлік салықтық тексерістен, камералдық бақылаудан босатылады.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың айтуынша, бұл кәсіпкерлерге жаңа ережелерге бейімделуге мүмкіндік береді.

— Жаңа жылдан бастап жаңа жүйе іске қосылады. Камералдық тексерістер, есептіліктерді салыстыру шаралары болмайды. Бірақ резидент емес тұлғалар бұл жеңілдікке ілікпейді, — деді Біржанов Мәжілісте.

Қазір Қазақстанда 2,38 мил-

және «Наурыз-Жұмыскер» бағдарламалары арқылы беріледі, ал сұранысқа ие «Әскери баспана» бағдарламасы қайта іске қосылады.

«Әскери баспана» бағдарламасы аясында жыл сайын кемінде жеті мың әскери қызметшінің отбасына жаңа салынған баспанадан бөлек, қайталама нарықтан да пәтер сатып алу мүмкіндігі беріледі. Бұған дейін бағдарлама арқылы 15 мыңнан астам

ғана ипотека шын мәнінде қолжетімді болып отыр. Қалған санат үшін несие алу айтарлықтай қиындаған.

— Егер базалық мөлшерлеме жоғары деңгейде сақталып, халық табысы өспесе, 2026 жылдың бірінші жартысында да несиеге сұраныс әлсіз болуы әбден мүмкін, — деді ол.

Лизинг: көлік қолжетімді бола түсті ме?

1 желтоқсаннан бастап Қазақстанда автокөліктерді лизинг арқылы алуға болады. Лизинг — бұл ұзақ мерзімге автокөлікті, жабдықты немесе техниканы жалға беру жүйесі, яғни компания мүлкті сатып алып, оны белгілі бір мерзімге пайдалануға береді. Жалға алушы ай сайын немесе келісім бойынша төлем жасап, мүлкті пайдаланады. Мерзім аяқталған соң үш нұсқа қарастырылады: мүлкті толық сатып алу, қайтару немесе жаңасына ауыстыру. Қарапайым тілмен айтқанда, лизинг — автонесие мен жалға алудың аралас түрі, бірақ кейде бастапқы жарнасы аз әрі шарттары икемдірек.

Экономист Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, оның басты артықшылығы — ай сайынғы төлемдердің төмен болуында.

— Автокредитте төлем көліктің толық құнына есептеледі, ал лизингте амортизация ескеріледі. Бұл ай сайынғы төлемді 15-30% төмендетуге мүмкіндік береді. Дегенмен, жалпы шығын келісімшарт пен комиссияларға байланысты 5-10% жоғары болуы мүмкін, бірақ ұзақ мерзімде бұл айырмашылық сезілмейді, — дейді ол.

Мәжіліс депутаты Олжас Құспеков қарапайым адамдар үшін көлікті несиеге алу қиын екенін еске салды.

— Көптеген қазақстандық үшін көлік сатып алу — үлкен қаржылық салмақ. Барлығы бірдей қымбат несие ала алмайды немесе алғашқы жарна жинауға жылдар қажет болады. Біз бұл мәселені екі жыл бұрын көтердік, енді ол іс жүзінде жүзеге асып жатыр, — деді депутат.

Депутаттың айтуынша, бастапқыда көлікті жарнасыз ұзақ



Егер бір уақытта көп тұрғын несие алып, тұрғын үйді белсенді сатып ала бастаса, нарықтағы сұраныс күрт өсіп, бағаның көтерілуі қаупі пайда болады. Сондықтан құрылыс компаниялары өздерінің қаржылық жағдайын ашық көрсетуі маңызды. Олар пәтердің өзіндік құны мен маржасын анық көрсету арқылы баға саясатын әділ жүргізуі қажет, — дейді сарапшы.

Оның айтуынша, басқа елдерде де осындай жағдайлар кездесті. Мысалы, Оңтүстік Кореяда жаңа салынып жатқан үйді сатып алған адам кемінде екі жыл сол үйде тұруға міндетті, бұл шара алыпсатарлықты тежеуге бағытталған.

— Бағдарламалардың басты мақсаты — бағаны бақылау емес, тұрғын үйге сұранысты дрыс бағыттау. Сол себепті жеңілдікке тек шынайы мұқтаж азаматтар қатысуы керек, ал алыпсатарлық әрекеттерден қорғану қажет, — деді ол.

Экономист Бауыржан Ысқақов несие алушылардың бөлінісі де өзгеріп жатқанын атап өтті. Мәселен, табысы тұрақты, несие тарихы жақсы, бастапқы жарнасы бар азаматтарға

мерзімге беру қарастырылған, бірақ компаниялар өз шарттарын белгілей алады.

— Көлік тек байлар мінетін дүние емес, оны қарапайым азаматтарға қолжетімді етуіміз керек. Осы бағыттағы жұмыстар келер жылы қарқынды жалғасады, — дейді Олжас Құспеков.

Сарапшы Бауыржан Ысқақов автокөлік сатып алатындарға қызығушылықтарын 2026 жылдың соңына дейін қолданылмайтынын атап өтті.

— Бұл қаржыландыруға қолжетімділікті арттырады, бірақ ай сайынғы төлемі ауыр несие алу қаупін күшейтеді. Сондықтан қазақстандықтар несие сомасына жауапкершілікпен қарауы керек, — дейді ол.

Сарапшылардың айтуынша, жаңа жылдың басында несие нарығы баяулауы ықтимал. Дегенмен халықтың баспана мен көлікке деген сұранысы жоғары, сондықтан нарық толық «қатпайды». Оның үстіне жеңілдетілген бағдарламалар жағдайды тұрақтандыруда маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Мөлдір СНАДИН,
kaz.inform.kz

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП: БАЛА ТАҒДЫРЫНА БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАҢЫЗ, АТА-АНА!



Құрметті ата-аналар!

Бала — сіздің аманатыңыз. Оның өмірі, қауіпсіздігі, таңдауы мен болашағы үшін ең алдымен Сіз жауаптысыз. Заңда, тәртіпте осы ақиқаттан басталады.

Алайда бүгінгі қоғамда бала тәрбиесіне деген немқұрайдылықтың күшейіп бара жатқаны алаңдатпай қоймайды.

Осы мәселені ескере отырып, 2025 жылдың қараша-желтоқсан айларында Ойыл ауданының 20 мектебінде «Заң және тәртіп» тақырыбы аясында жасөспірімдерге арналған алдын алу шаралары өткізілді. Дәріс сабақтары, әлеуметтік-психологиялық тренингтер мен сауалнамалар барысында балалармен құқықбұзушылық, аутодеструктивті мінез-құлық, ерте жүктілік, жыныстық қолсұғушылық, нашақорлық пен аддиктивті мінез-құлық, интернет алаяқтықтың алдын алу мәселелері ашық талқыланды.

Бірақ бір шындық бар: мектеп пен маман баланың орнын ата-ананың жүрегінде алмастыра алмайды. Көп жағдайда жасөспірімнің теріс жолға түсуі — ата-анамен байланысының әлсіздігінен, түсінілме-

ген ішкі күйінен басталады. Үйде айтылмаған жылы сөз, тыңдалмаған бір ой, қойылмаған шекара баланы сырттан «қамқорлық» іздеуге итермелейді.

Тренингтер барысында балаларға жеке шекараны сақтау, қауіп төнген жағдайда «жоқ» деп айту, көмек сұраудың жолдары үйретілді. Алайда осы дағдыларды күнделікті өмірде бекітетін — сіз, ата-ана.

Заң баланы қорғайды, бірақ баланы қауіптен сақтайтын — ата-ананың назары. Интернеттегі қауіптен де, зиянды әдеттен де, ерте қателіктен де баланы бақылаусыз қалдырмау арқылы ғана қорғауға болады.

Есіңізде болсын:

Тәртіп — қорқыныштан емес, жауапкершіліктен туады. Бала — сіздің айнаңыз. «Заң және тәртіп» — қағаздағы ұран емес, отбасынан басталатын өмір салты. Балаңызға бүгін белген уақытыңыз — ертеңгі қауіпсіз қоғамның кепілі. Бейжай болмаңыз, ата-ана. Бала тағдыры — сіздің қолыңызда.

Ынтымақ ЖАҚСЫЛЫҚ,
Сәндігүл БАЙДУАШОВА,
Ойыл аудандық білім бөлімінің әдіскерлері.

ҚЫСТА ҚАТЕР КӨП

ҚЫСҚЫ КЕЗЕҢ АСА ҚАУІПТІ ЖЫЛ МЕЗГІЛІ. ӨЙТКЕНІ БҰЛ ЖАҒДАЙДА АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАУІП ТУДЫРАТЫН КӨПТЕГЕН СТИХИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР БОЛАДЫ. ҚАТТЫ БОРАНДАР МЕН ҚАР ЖАУУДЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚЫСҚЫ ТАБИҒИ СТИХИЯЛЫҚ КҮШІНІҢ КӨРСЕТІЛУІ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ КҮРТ ТӨМЕНДЕУІ, ҚАР БАСЫП ҚАЛУЛАРМЕН ЖӘНЕ ЖЕЛДІ ҚАТТЫ ҰЙЫТҚҰЙМАН БАЙҚАЛАДЫ.



Осындай құбылыс бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейін болуы мүмкін. Адам организмінде негізгі зақымдаушы факторларының бірі төменгі температураның әсері, бұл үсік шалуға кейде қатырып тастауға әкеліп соғады.

Сондықтан 112 «Құтқару қызметінен» дауылды-боран SMS хабарлама ескертпесін алған кезде немқұрайлылықпен қарамай, өзіңізді және қасыңыздағы адамдарды қауіпті жағдайда қалдырмас үшін жауапкершілікпен қараған жөн.

Егер де боран сіз жолда көле жатқанда басталса, көлесі қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз:

- Жолдан адасып кетпес үшін тоқтағаныңыз жөн.

- Көлігіңізді желдің бағытына қарсы қойыңыз керек.

- Көлігіңіздің қозғалтқышын қар басып қалмас үшін брезент немесе көрпемен жауып қойыңыз.

- Арасында көліктен шығып, қар аршығаныңыз дұрыс.

- Түтін шығатын тұрбаның ішіне қар толып қалмауын қадағалаңыз.

- Отынды үнемдеп, көлікті анда-санда ғана қыздырғаныңыз жөн.


- Қолда бар материалдардан, жарқын түсті матадан құтқарушыларға белгі беретіндей құрал жасап алыңыз және оны көрінетіндей етіп орнатыңыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

2026 ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒЫС КҮНТІЗБЕСІ БОҒЫНША ЖҰЛДЫЗ ЖОРАМАЛ

2026 жыл – Жылқы жылы. Жылқы шығыс танымында еркіндікке құштар, еңбекқор, батыл әрі әділ жануар саналады. Бұл жыл қозғалысты, адал еңбекті, шынайылықты жақсы көреді. Төменде 2026 жылдың әр жыл белгісінде туған адамдарға арналған жорамал берілді. Әр белгіге Жылқы жылының ықпалы жеке - жеке сипатталады.


ТЫШҚАН ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР



2026 жыл – Жылқы жылы Тышқан жылы туғандар үшін қарқынды қозғалыс пен маңызды таңдау кезеңі болмақ. Жылқының еркін әрі батыл энергиясы сізді әдеттегі айлакерлік пен сақтықтан гөрі ашық әрекетке жетелейді. Бұл жылда тек жоспарлап қана қоймай, нақты қадам жасау қажет болады. Мансап пен іскерлік салада жаңа мүмкіндіктер ашылады. Бұрыннан ойыңызда жүрген жобаны бастауға немесе қызмет бағытын өзгертуге қолайлы уақыт. Алайда Жылқы жылы қулық - сұмдықты ұнатпайды, сондықтан адал еңбек пен шынайы ниет қана табыс әкеледі. Қаржылық тұрғыда табыс өседі, бірақ жыл ортасында артық шығыннан сақ болған жөн. Жеке өмірде қарым - қатынастар айқындала түседі. Отбасылы Тышқандар үшін сенім мен ашық әңгіме маңызды болса, бойдақтар үшін күтпеген таныстық орын алуы мүмкін. Кейбір байланыстар үзілуі ықтимал, алайда бұл сіздің дамуыңыз үшін қажет болады.


Денсаулықта жүйке жүйесіне мән беріңіз. Қозғалыс, серуен және спорт пайдалы. Жалпы, 2026 жыл Тышқан жылы туғандарға батылдық танытып, өз жолын таңдауға мүмкіндік береді.

СИЫР ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР




2026 Жылқы жылы Сиыр жылы туғандар үшін еңбектің өтеуі мен тұрақтылық жылы болады. Екі белгінің ортақ қасиеті – төзімділік пен еңбекқорлық. Сондықтан бұл жыл сізді қолдайды және ұзақ уақыт бойы төккен маңдай теріңіздің нәтижесін көрсетеді. Жұмыс саласында сенім артып, жауапты міндеттер жүктелуі мүмкін. Қызметтік өсім, жалақының артуы немесе беделдің нығаюы ықтимал. Қаржылық жағдай бірқалыпты жақсарады, жинақ жасауға қолайлы кезең. Асығыс шешімдерден аулақ болып, жоспармен әрекет еткен жөн. Жеке өмірде тыныштық пен тұрақтылық басым болады. Отбасылы Сиырлар үшін бұл – бірлікті нығайтатын жыл. Бойдақтар байыпты, сенімді адаммен танысуы мүмкін. Денсаулықта артық жұмысқа салынбаңыз. Демалыс пен еңбек тепе - теңдігін сақтаңыз. 2026 жыл сізге сабырмен, бірақ сенімді алға жылжуды үйретеді.

БАРЫС ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР



2026 жыл Жылқының қуатты энергиясымен Барыс жылы туғандарға үлкен серпіліс әкеледі. Бұл жыл сіздің батыл мінезіңізді одан әрі күшейтіп, өміріңізде жаңа белестерді бағындыруға мүмкіндік береді. Мансапта көшбасшылық қабілетіңіз айқын көрінеді. Жаңа жоба бастауға, тәуекел етуге, өз идеяңызды қорғауға қолайлы кезең. Қаржылық табыс жоғары, алайда артық төкаппарлық пен асығыстық шығынға әкелуі мүмкін. Жеке өмірде сезімдер қызу болады. Құмарлық пен эмоция басым болғандықтан, сабыр сақтаған жөн. Отбасылы Барыстар үшін өзара құрмет маңызды. Денсаулықта энергия мол, спорт пен белсенді өмір салты пайдалы. Бұл жыл Барыстарды тоқтаусыз алға жетелейді.


ҚОЯН ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР



2026 жыл Қоян жылы туғандар үшін ішкі тепе - теңдік пен сақтықты талап етеді. Жылқы жылының жылдам ырғағы сізге кейде ауыр тиюі мүмкін, сондықтан өз қарқыныңызды дұрыс таңдаңыз. Жұмыс саласында тұрақтылық сақталады. Асығыс шешім қабылдаудан гөрі, жағдайды бақылап, дұрыс сәтті күткен жөн. Қаржыда үлкен секіріс болмаса да, бірқалыпты тұрақтылық бар.


Жеке өмірде жылулық пен мейірім артады. Отбасылы Қояндар үшін бұл – тыныш әрі жайлы жыл. Бойдақтар сенімді, сабырлы қарым - қатынасқа бет бұрады. Денсаулықта тыныш демалыс, табиғатпен байланыс пайдалы. 2026 жыл Қояндарға сабырдың күш екенін дәлелдейді.

ҰЛУ (АЙДАҒАР) ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР




2026 жыл Ұлу жылы туғандар үшін жарқырау мен беделдің арту кезеңі болады. Жылқы жылы сіздің табиғи харизмаңызды күшейтіп, қоғамда көзге түсуге мүмкіндік береді. Мансапта табыс пен мойындалу бар. Басшылық, шығармашылық және қоғамдық салаларда үлкен жетістікке жете аласыз. Қаржы мәселесінде де мүмкіндік мол, бірақ асыра сілтеуден сақтаныңыз. Жеке өмірде назар ортасында боласыз. Отбасылы жандар үшін мақтаныш сезімі артады, бойдақтар үшін қызықты таныстықтар болады. Денсаулықта күш - қуат жеткілікті. Бұл жыл – өз әлеуетіңізді толық көрсету жылы.

ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР




2026 жыл – Жылқы жылы Жылан жылы туғандар үшін ой мен әрекетті үйлестіруді талап ететін кезең болмақ. Жылан табиғатынан байыпты, терең ойлы болса, Жылқы жылдамдық пен батыл қимылды жақсы көреді. Сондықтан бұл жыл сізге ішкі тепе - теңдікті сақтай отырып, белсендірек болуды үйретеді. Мансапта маңызды шешімдер қабылдау қажет болады. Бұрын ұзақ ойлап, кейінге қалдырып жүрген істерді жүзеге асыруға тура келеді. Ақылмен жоспарланған қадамдар табыс әкеледі. Қаржылық тұрғыда тұрақтылық сақталады, бірақ құпия жоспарларыңызды баршаға жария етпеген жөн. Жыл ортасында тиімді ұсыныс түсуі мүмкін. Жеке өмірде сенім мен рухани байланыс алдыңғы орынға шығады. Отбасылы Жыландар үшін сабыр мен түсіністік маңызды, ал бойдақтар үшін байыпты, терең сезімге негізделген қарым - қатынас басталуы ықтимал. Денсаулықта жүйке жүйесіне мән беріңіз. Тыныш демалыс, су мен табиғат сізге ерекше күш береді. 2026 жыл Жылан жылы туғандарға ішкі даналықты іс жүзінде қолдануды үйретеді.

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР



2026 жыл – өз жылыңыз болғандықтан, сіз үшін ерекше маңызға ие кезең. Жылқы жылы Жылқы белгісінде туған адамдарға күш - қуат, сенім және еркіндік сыйлайды. Бұл жылы сіз өзіңізді бұрынғыдан да батыл, белсенді сезінесіз. Мансапта үлкен серпіліс күтіледі. Жаңа жоба бастауға, кәсібіңізді дамытуға немесе қызмет бағытын өзгертуге қолайлы уақыт. Қаржылық тұрғыда табыс артып, еңбегіңіздің нәтижесін көресіз. Алайда шамадан тыс тәуекелден сақ болған жөн. Жеке өмірде еркіндікке ұмтылыс күшейеді. Отбасылы Жылқылар үшін өзара сенім мен құрмет маңызды болса, бойдақтар үшін тағдырлы кездесу болуы мүмкін. Денсаулықта қозғалыс, спорт, саяхат пайдалы. Бұл жыл – өз мүмкіндігіңізді толық ашып, алға ұмтылатын кезең.

ҚОЙ ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР



2026 жыл Қой жылы туғандар үшін батылдық пен өзіне сенуді үйрететін кезең болады. Жылқы жылы сізді пассивтіліктен арылып, белсендірек әрекет етуге шақырады. Мансапта өз ойыңызды ашық айтып, бастама көтеру маңызды. Бұрын еленбей жүрген қабілеттеріңіз бағалануы мүмкін. Қаржылық жағдай тұрақты, бірақ артық шығыннан сақ болған жөн. Жеке өмірде қолдау мен жылулық артады. Отбасылы Қойлар үшін бұл – бірлікті нығайтатын жыл, ал бойдақтар үшін сенімді қарым - қатынас басталуы ықтимал. Денсаулықта эмоциялық күйге мән беріңіз. Демалыс пен шығармашылық сізге күш береді. 2026 жыл Қой-


ларға ішкі сенімді табуға көмектеседі.

МАЙМЫЛ ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР



2026 жыл Маймыл жылы туғандар үшін идея, қозғалыс және тапқырлық жылы болады. Жылқының белсенді энергиясы сіздің жылдам ойлау қабілетіңізді күшейтеді. Мансапта жаңа жобалар мен тың ұсыныстар пайда болады. Ақпарат, сауда, шығармашылық саласында жүргендер үшін жыл өте сәтті. Қаржылық тұрғыда мүмкіндік мол, бірақ тұрақсыздыққа жол бермеңіз. Жеке өмірде көңілді сәттер көп болады. Жаңа таныстықтар, қызықты кездесулер күтіледі. Отбасылы жандар үшін ортақ іс қарым - қатынасты нығайтады. Денсаулықта белсенділік пайдалы, бірақ артық шаршаудан сақ болыңыз. Бұл жыл Маймылдарға өз әлеуетін толық көрсетуге мүмкіндік береді.


ТАУЫҚ ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР



2026 жыл Тауық жылы туғандарға тәртіп пен жауапкершілікті ерекше талап етеді. Жылқы жылы жалқаулықты көшірмейді, сондықтан жүйелі еңбек қажет. Мансапта маңызды міндеттер жүктеліп, беделіңіз артады. Қаржылық жағдай тұрақты, бірақ үнемшілдік қажет. Ұқыптылығыңыз табысқа жетелейді. Жеке өмірде сабыр мен түсіністік маңызды. Артық сыннан аулақ болыңыз. Денсаулықта режим сақтау, дұрыс тамақтану пайдалы.

2026 жыл Тауықтарға еңбектің қадірін терең түсіндіреді.

ИТ ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР



2026 жыл Ит жылы туғандар үшін адалдық пен әділдік сыналатын кезең болады. Жылқы жылы шынайы ниетті қолдайды. Жұмыста сенім артып, жауапты істер тапсырылады. Қаржы тұрақты, үлкен секіріс болмаса да, сенімді даму бар. Жеке өмірде береке мен тұрақтылық орнайды. Отбасылы Итер үшін бұл – бірлікті нығайтатын жыл. Денсаулықта күйзелістен сақтанып, тыныштыққа мән беріңіз. Бұл жыл сізге рухани тепе - теңдік сыйлайды.

ДОҒЫЗ ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР



2026 жыл Доғыз жылы туғандар үшін сабыр мен қанағат жылы болмақ. Жылқы жылы сізді артық уайымнан арылтып, өмірге жеңіл қарауға үйретеді. Мансапта баяу, бірақ сенімді ілгерілеу байқалады. Қаржылық жағдай тұрақты, жинақ жасауға мүмкіндік бар. Асығыс шешім қабылдамаңыз. Жеке өмірде жылулық пен қамқорлық артады. Отбасылы жандар үшін береке күшейеді, бойдақтар үшін тыныш қарым - қатынас мүмкін. Денсаулықта демалыс пен дұрыс ұйқы маңызды. 2026 жыл Доғыздарға ішкі тыныштық сыйлайды. 2026 – Жылқы жылы баршаға қозғалыс, батылдық және адал еңбек арқылы жетістікке жетуді үйретеді. Бұл жылда әр адам өз жолын анықтап, әрекет етуге тиіс. Жылқы шынайылықты, табандылықты және еркін рухты қолдайды. Ең бастысы – қорықпай алға ұмтылу, өз мүмкіндігіңе сену. Сонда 2026 жыл әр белгіге өз несібесін алып келеді.

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРШАСЫ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ОҚУШЫЛАРЫМЫЗҒА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ШЫРШАСЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ. МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙГЕ ТОЛЫ ШАРАДА БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕКШЕ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҚОЙЫЛЫМДЫ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ҰЖЫМЫ САХНАЛАДЫ.



Мерекке ертегі кейіпкерлері, Аяз Ата мен Ақшақар қатысқан жарқын театрландырылған қойылыммен басталды. Жаңажылдық декорациялар мен сиқырлы атмосфера балаларға ерекше қуаныш сыйлады. Қойылымда заманауи кейіпкерлер мен көңілді әуендер таңдалып, түрлі қозғалыс ойындары ұйымдастырылды. Балалар үшін әсерге толы, қызықты сәттер көп болды. Мерекелік кешке аудан әкімі арнайы қатысып, балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жүрекжарды тілектерін жеткізді. Сонымен қатар

балалармен бірге билеп, мерекенің шынайы қуанышын бөлісті. Облыстық мәслихат депутаты, ауданымыздың тұрақты демеушісі Талғат Салфигов жолдаған жаңа жылдық сыйлықтар салтанатты түрде табысталды. Жерлес азамат, меценат, "Аманат" партиясының мүшесі "Анвар" ЖШС президенті Талғат Маратұлы жаңа жыл қарсаңында балғындардың мерекелік көңіл-күйін көтеру мақсатында оқушыларға арнайы сыйлық жасады. Оқушыларды қолдап, олардың жүздеріне қуаныш сый-

лауды азаматтық парыз деп білетін демеуші бұл игі істі жыл сайын дәстүрге айналдырып келеді. Мұндай қамқорлық пен жанашырлық – өскелең ұрпаққа үлгі болатын, қоғам үшін маңызды қадам. Яғни, Жаңа жылдық қуаныш – игі дәстүрдің жалғасы. Шара барысында бас кейіпкерлер – Аяз ата мен Ақшақар балалардың алдын ала дайындап келген өнерлерін тамашалап, сыйлықтарын үлестірді. Ал Аяз атаның қалтасын тәттілерге толтырып, мерекеге демеушілік жасаған ауданымыздың жомарт жандарының бірі – жеке кәсіпкер Күлжамал Әліп. Шара барысында түрлі ойындар, әндер мен билерден құралған ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды. Балалар белсенді қатысып, мерекелік әсерлерімен бөлісті. Өр балаға сыйлықтар табысталды. Балалардың жүзіндегі шаттық пен күлкі – мерекенің басты нәтижесі. Осындай игі шаралар жас ұрпақтың жүрегінде ұмытылмас естелік болып қаларына сенеміз!

"ХАН ТӘТТІЛЕРІ" ЖАҢА ҒИМАРАТҚА КӨШТІ

БЫЛТЫР ҒАНА «ХАН ТӘТТІЛЕРІ» ДЕГЕН ШАҒЫН ДҮКЕН АШҚАН ЖАС КӘСІПКЕР ӨСЕМГҮЛ ШӨКЕНОВА ЖУЫРДА ЖАҢА ҒИМАРАТҚА КӨШТІ. ӨУЕЛГІДЕ «БАСТАУ-БИЗНЕС» АРҚЫЛЫ ОҚЫП, МЕМЛЕКЕТТЕН ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ АЛЫП, КӨСІБІН БАСТАҒАН КӘСІПКЕР АЙНАЛАСЫ ЕКІ ЖЫЛДА ҮЛКЕН ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТТІ.



Өткен аптада жаңа ғимаратын салатанатты ашып, қуанышын көппен бөлісті. Тұтынушыларға заманауи үлгіде қызмет көрсетуге бағытталған жаңа ғимараттың ашылу салтанатына аудандық кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы Серікбай Қойбағаров пен Ойыл село-

лық округінің әкімі Рүстем Сағынғалиевтар мен көршілері, ағайын-туыстары, достары қатысты. Бір жаздың ішінде әп-әсем ғимаратты қолы шебер жұбайы Қайрат «теп-тегіс» жерге тұрғызып, көрікті нысанға айналдырды. Отбасылық бизнестің үлгісін

көрсетіп отырған кәсіпкерлер балаларын да еңбекке баулып, «Еңбектің наны тәтті» деген қағидаға көздерін жеткізіп отыр. «Жақсыны көрмекке» келген жұртшылық жас кәсіпкерлердің саудаларына сәттілік тілеп, арнайы дайындалған дастархананан дәм татты.

ОЙЫЛДЫҢ ІСКЕР КЕЛІНШЕКТЕРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМҒА ҚАТЫСТЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ КӘСІПКЕР ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРІ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСІНІҢ IV БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ЖӨНЕ "WOMEN FORWARD: БИЗНЕС. ШАҒЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАР" АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ-КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСЫП ҚАЙТТЫ.

Ойылдың кәсіпкер келіншектеріне осындай мүмкіндік жасап, бағыт-бағдар берген облыстық іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Күлпаршын Айдарханова. Күлпаршын Айдарханованың сөзі ерекше есте қалды: "Осындай форумдарға қатысу — тек тәжірибе емес, нетворкинг, идея алмасу, көкжиегіңді кеңейту. Іскер әйелдердің дамуы-өліміздің негізінің дамуы!" - деген қанатты сөз бен мен сенім — бізді қанаттандырды, - дейді халықаралық форумнан алған әсерімен бөліскен кәсіпкерлер. Аталған шараға аудан атынан ветеринарлық дәрханана иесі — Айшолпан Тапашева және кондитерлік өнімдер дүкенінің иесі — Айгүл Жанғабылова қатысып, өз кәсіптерін таныстырып, тәжірибе алмасты. Форум барысында Қытай, Түркия, Қырғызстан, Қазақстаннан келген түрлі кәсіп иелерімен



кездесіп, олардың тәжірибесі мен жетістігінен үлкен шабыт алды. Кәсіпкер әйелдермен еркін пікір алмасып, бизнесті дамыту жолындағы жаңа идеялар мен бағыттарды бойынша сңіріп қайтты. Атап өтетін жайт — Ойыл ауданының брендті саналатын тары өнімі де форум-көрмеде таныстырылды. Бұл — ауданымыздың атын танытып, ауыл шаруашылығы мен жергілікті өнімді

дәріптеуге қосқан үлкен үлес болды. Қуантқаны — алып барған өнімдерімізге бірден қызығушылық танытылып, сол жерде сатылып кетті. Тіпті, шетелден келген қонақтар да қызығып, сұрап жатты. Бұл — ауыл кәсіпкері үшін үлкен қуаныш, әрі мотивация! Әйел — отбасының ғана емес, елдің де тірегі екенін дәлелдеген осындай кездесулер — әрбір кәсіпкерге күш береді.

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ: 2026 ЖЫЛ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

2026 жыл - жылқы жылы. Қазақ ықылым заманнан пір тұтқан Қамбар атаның түлегі қай кезде де болмасын қасиетті, қадірлі. Жылқы жылы жайлы бола ма?

Жылқы жылы — жылан жылынан кейін, қой жылынан бұрын келетін мүшел есебінің 7-ші жылы. Бұл жыл атауы Азия халықтарының көпшілігінің күнтізбесінде қолданылады. 12 жылда бір қайталанып отырады.

Жылқы туралы жыр бөлек Қазақ өзін жылқы мінезді халық деп санайды, себебі жылқы бауырмал, иесіне де, үйіріне де адал. Сосын жылқы кекшіл мал емес. "Жылқы кісіненше, адам түсініскенше" деген сөз жайдан-жай айтылмаса керек. Жалпы аламан десе делебесі қозатын қазақ үшін жылқы қасиетті жануар. Төрт түлікте жаманы жоқ, бірақ жылқы туралы жыр бөлек. Өйткені қазақ ықылым заманғы өз мәдениетін тікелей жылқымен байланыстырған. "Ереуіл атқа ер салмай" деп жырланған эпос-дастандарда да талай шапқыншылықта ерлік көрсеткен батырлардың серігі тұлпары болғаны айтылып жүр, айтыла да бермек. Ержеткен баласын ат жалын тартып мінді дейтін қазақ, құнды сыйлыққа да ат мінгізген. Ат үстіндегі қонағын қолна тығынан демеп түсірсе, айтар тілегінде де аламаннан атың озсын деп тілеген. Тәуелсіз мемлекеттің Елтаңбасында да басты әрі маңызды деталь пырақ бейнеленген. **Жылқы**

жылы елдік рух күшейеді - этнограф Тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф Бабақұмар Хинаят жылқы жылы туралы былай дейді:

"Ұлы Абай "қазақ қайдан шықты" деген мақаласында жылқы жылы туралы тоқталады. Қазақтар соғысқа Шыңғыс хан заманында Шыңғыс хан әскеріне қосылып, әуелі Герханды өлтіріп, ұйғыр жұртын алғаннан кейін Азияның төріне дейін барған дейді. Осыған байланысты қазақ "жылан жылы жылыс болады, жылқы жылы ұрыс болады, қой жылы зеңгір тоғыс болады" деген". 1221 жылы Шыңғыс ханның Орта Азияға шабуылдап, Отырар қаласының қирауы осы жылқы жылымен тұспа-тұс келген. "Ертеде қазақ жылқы жылы ұрыс көп болып, барымта көбейеді деп түсінген. Жылқы көшпелілер үшін мәдениеттің үлкен феномені, уақыттың философиясы. Адамның өмірі мен руханияты арасындағы тепе-теңдік. Азаттықтың рухы, ерлік, береке жылы болып есептеледі. Жылқы жылы несібе мол болады, елдік рух күшейеді деп сенген", - дейді Бабақұмар Хинаят. Ата-бабамыз үлкен істі бастап, алысқа жасалатын сапарда әр жылға мән берген. Сауда жасап, керуентдететін кезде, алысқа көшетін сәттер болса да "келер жылы жылқы жылы, қолайлы жыл" деп ырымдаған екен. **"Бұл жылы дау-жанжал болуы мүмкін деп те сақтанған. Бұл**

тек бір қазақ емес, жыл қайыру бар жалпы шығыс елдерінде, Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде қалыптасқан дәстүр", - дейді этнограф.

Жылқы жылы жайлы бола ма? "Келесі жылқы жылы молшылық, береке күтеміз. Негізі әр жылдың өзіне тән қасиеті бар. Жылан мен қой жылының ортасында тұрған жылқы жылында екі жылдың да кейбір сипаты болады. Жылқы - жасырын күш, тарпаң динамика. Көшпенділерді әлем мәдениетіне алып шыққан жануар. Аз уақытта көп жер жүретін, ат жалындағы мәдениет. Жылқы қазақ жерінде, Солтүстік Қазақстандағы Ботай жерінде пайда болды деген жазбалар бар. Жылқының адам қолына үйренуі 13 ғасыр бұрын басталған делінген. Жүздеген мыңнан астам жылқы сүйегінің табылуының өзі үлкен айғақ", - дейді Бабақұмар Хинаят. Мына бір қызықты қараңыз, жылқы ақылы, өрісі жағынан жануарлардың ішінде иттің алдында, бесінші орында тұрады екен. Ол адамның мінезін, іс-әрекетін саралай алады. Егер иесі өзіне ұнаса, оған қызмет етіп, адал болады. Жылқы қазақ халқының өмірінен, мәдениетінен еш алыстатуда келмейтін жануар. Біздің ұлттық спорттық ойындарымыз да тікелей осы жануармен байланысты. Асауды бағындырған жігітті ер деп мақтаса, шашасына су жұқпаған тұлпар шапқызған жігіттің мәртебесі жоғары болған.

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

Қыс. Бұл мезгілде адамдар табиғаттың құпиясын, ерекше бір ұмытылмас сәттерін тамашалайды. «Қыстың көзі қырауда» деген халқымыздың тамаша сөзі осы бір мезгілді айна-қатесіз баяндап тұрғандай немесе Абайдың «ақ киімді, денелі, ақ сақалды...» деп келетін өлең жолдары да қыстың басқа жыл мезгілдерінен ерекшелігін паш етеді. Табиғаттың әрбір маусымы ерекше болатыны сөзсіз. Өр маусымға тән сөйіл-серуені де болады. Жазда адамдар суға шомылып, күнге қыздырынса, қыста шаналарын арқаалап, биік жоталарға, таулы қыраттарға бет түзеді. Дала төсінде қолдан сырғанақ жасайтын қызықты сәттер де — өз алдына бір әңгіме. Барлығы қыстың суықтығын емес, бейнебір жылы нұрын, ыстық тартар сәулесін тауып алғандай қуанысады. Биік қыраттан төмен қарай алпақ қардың үстінде ізін қалдыратын шанасымен ызғиды. Қаңтар айының алғашқы күндері, міне, осындай қуанышты

шақтарға толы. Күн сәулесі Жер-анаға шуағын төгіп, барша адамдарды өзінің жылы нұрына бөлеп, қысқы суықтың бетін қайтаруға бел шеше кіріскендей. Алыстағы таулы қыраттардан арқан бойы ұзап шыққан дала құстары әсем табиғаттың осынау ғажап шағына мейлінше құмартта қанат қағады. Алыс қия-белдердегі қалың қар көктемнің жылы лебі келгенше басқа тіршілікке орын босататын емес. Табиғаттың әдемі мезгілі — қыстың ерекше көрінісімен өріле түскен. Даланың табиғаты тып-тыныш қалпынан, маужыраған күйінен серпіле түскендей күйде. Алатаудың сілемдері мен биік жоталарындағы қыс көріністері көздің жауын алып, жан баурайды. Қыс мезгілінің аязды күндерімен де қоса, ерекше бір жылылық сыйлайтын күндері аз емес. Өрбір төрт мезгілдің өн бойында бірімен-бірі аста-сып, қабаттасып жатқан ортақ күн райы бар. Қаңтар айы жаңажылдық көңіл күйді одан

арі көтере түсіп, өзінің жылы күндерін аямай-ақ сыйлап жатады. Мейірімін төккен Жер-ана да адам үшін өзінің ішкі сырларын ақтарғандай тылсым сырмен үн қатады. Көгілдір аспандағы шарбы бұлттар да өздерінің бағытын бір сәт тежеп, бейнебір сырласып тұрған арулардай. Ағаштар қыс мезгіліне дайындалып, шымырлана түскен. Олар көктем келісімен бұржарып, айналыны көк бояуға бөлеуге әзір тұр. Алыстан мұнарлана көрінген тау бөктерлеріндегі қалың қарлар да бір сәт тыныстап, терең ойға шомады. Аспанмен таласқан Алатаудың асқақ шыңдары айналаға сабырлы көзбен барлай қарайды. Өзі биік тұғырда болғанымен, төмендегі тіршілік атаулыға көз тастап, қысқы ғажайыптарды бір өзінің бойына жия түскендей. Қыстың ғажайып ұмытылмас шақтары адам жанына шуағын шашып, нұрын төге түскендей, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

Дәукен ЖҰМАТҰЛЫ

